

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ
ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 6-кіреберіс
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 8
Дом Министерств, 6-подъезд
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2019 жылғы 02 қазандағы
№ ДС-142 шығыс хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өз құзыреті шегінде Сіздердің депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлайды.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы (*бұдан әрі - Заң*) Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік негіздерін айқындайды, азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқығын іске асыруға мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қатысуын регламенттейді.

Қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес, әйелдерге – 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жалпы еңбек өтілі кемінде 20 жылдан кем болмаған жағдайда зейнетақы төлемдері толық көлемінде тағайындау көзделген.

Сонымен 11 баптың 6-тармағы бойынша жасына байланысты *толық емес* көлемдегі зейнетақы төлемдері жасына байланысты толық көлемдегі зейнетақы төлемінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне пропорционалды түрде есептеледі.

Бұл ретте, 1998 жылғы 1 қаңтардан басталған кезең үшін орташа айлық кірістің мөлшері орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кіріске сәйкес белгіленеді.

Зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілі еңбек кітапшасымен расталады, ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді.

Зейнетақымен қамсыздандыру құқығы барлық азаматтарға бірдей белгіленген.

Сондай ақ, 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап азаматтардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақыны тағайындау тәртібі өзгерілді.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты тағайындалады, оның ішінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі

жинақталған еңбек өтілі және зейнетақы жарналары төленген кезеңдері (*зейнетақы жарналардың нақты төленген өтілі 1998 жылдан бастап*).

Егер, азаматта қатысу өтілі 10 жыл немесе одан аз болса немесе мүлдем болмаса, онда оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 %-ын құрайды, 10 жылдан артық әрбір жыл үшін оның мөлшері 2 %-ға ұлғайтылады, ал 33 жыл және одан көп болған жағдайда ол ең төмен күнкөріс деңгейінің 100 %-на тең болады.

А. А. Жұмашеваның зейнетақы ісіндегі құжаттары бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес 2018 жылғы 12 желтоқсаннан бастап толық емес көлемінде 4 жыл 2 ай еңбек өтілі үшін зейнетақы төлемі тағайындалған.

Қажетті еңбек өтілін есептеуге А. А. Жұмашева төмендегі құжаттарды тапсырған:

- еңбек кітапшасы;
- 12.11.2018 жылғы «Ақтоғай аудандық мемлекеттік мұрағаты» ұсынған № Ж-508/ЖТ мұрағаттық анықтамасы;
- 20.09.1989 жылғы туылған баласының туу туралы куәлігі.

Еңбек кітапшасында жұмысы туралы мынандай жазбалар бар:
- 01.08.1987 жылдан 15.08.1995 жылға дейін Ақтоғай ауданының «Қоңырат» совхозындағы және 16.06.1995 жылдан «Егінші» шаруа қожалығына жұмысқа қабылданғаны туралы.

Анықтамалық: ұсынған еңбек кітапшасы бойынша еңбек өтілі келесі себептерге байланысты есепке алынбаған - еңбек кітапшасының ашылған күні толтырылмаған, Ақтоғай ауданының «Қоңырат» совхозындағы еңбегі туралы жазба Каз.ССР мөрімен расталған, «Егінші» шаруа қожалығынан жұмыстан босатылғаны туралы жазба енгізілмеген.

Сонымен, еңбек өтілі еңбекақы есептеу ведомстволарымен көрсетілген мұрағаттық анықтама бойынша мынандай айлар есепке алынған:

- 1987 жылы – мамыр, маусым, шілде, тамыз, қараша, желтоқсан;
- 1988 жылы – қаңтардан - маусым айына дейін және қыркүйек;
- 1989 жылы – маусым, желтоқсан;
- 1990 жылы – қараша, желтоқсан;
- 1991 жылы – қаңтардан - маусым айына дейін, қарашадан - желтоқсан айына дейін;
- 1992 жылы - қаңтар, наурыз, маусым, шілде.

Бұдан басқа, 3 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты кезең есепке алынған.

Осыған байланысты бұл жайында А.Жұмашеваға хабардар етілген және еңбек өтілін мұрағаттық анықтама бойынша есептеуге келісім беру туралы өзі өтініш жазған.

Қазіргі таңда Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті А.Жұмашеваға 1987 жылғы тамыз айынан бастап 1995 жылғы тамыз айына дейін және 1995 жылғы 16 маусымнан 1997 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек өтілін сот тәртібімен дәлелдеуді ұсынған.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы төлемдерінің мөлшері **23 561 теңгені** (*зейнетақы төлемі – 7 524 теңге, базалық зейнетақы төлемі – 16 037 теңге*) құрайды және қолданыстағы заң нормаларына сәйкес тағайындалып төленуде.

Министр

Б. Нұрымбетов